**««TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу» бойынша ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаудың**

# ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік- аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің (ауылдардың, кенттердің ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Маңғыстау облысы, Теңге ауылы әкімі аппараты, Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалану реттеу басқармасы.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу»».**

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **«ҚР ЭТРМ жанындағы Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ».**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:
*(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

| № | Өнеркәсіптік алаңның атауы | Облыс | Аудан, елді мекен | Координаттар, градус, минут, секунд | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ендік | бойлық |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Тенге кен орны | Маңғыстау облысы | Тенге а.о | 43°17′50′′ | 52°49′53′′ |

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Маңғыстау облысы, , Жаңаөзен қ., Теңге ауылы**

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«TENGE Oil & Gas» ЖШС, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, өндірістік аймақ 5, құрылыс 10. БИН 150940022022, Электрондық поштасы: abubakir_1973@mail.ru, тел.: 8/72934/92301 (117)**

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

**««BIG Project & Consulting» ЖШС-і, 8 701 763-32-21, нақты адрес Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000 Ақтау қ., 29 ш.а., Толкын -2, 90/6 эл.пошта: Big_Project_Kz@mail.ru, БСН 201140031245.**

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашықжиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

**Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 15.08.2025 ж., сағат 14:45.**

**Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 15.08.2025 ж., сағат 15:00.**

**Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 15.08.2025ж., сағат 15:30.**

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізілді.

**Бейнеконференцияға сілтеме:**

https://us05web.zoom.us/j/4039906152?pwd=ucu9BJGig7nnDGdwg1rS2uEjSqbuhi.1
Идентификатор конференции: 403 990 6152, Код доступа: 0YTXJ6.

**Ашық жиналыс мына мекен-жай бойынша өткізілді:**
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылы, «Атамұра» мәдениет үйінде

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: (1 қосымшада тіркелген).

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі: (2 қосымшада тіркелген).

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде:

https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/26291 09.07.2025 ж., жарияланды.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: Маңғыстау облысы Табиғи ресурстар және табиғатпайдалану реттеу басқармасының интернет-ресурсында

https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details

09.07.2025 ж., жарияланды.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

I. газета Маңғыстау (қазақша), №54 (10454) 15.07.2025 ж. шыққан (3 қосымшада тіркелген).

II. Газета Огни Мангистау (орысша), №55 (13205) 15.07.2025 ж. шыққан (3 қосымшада тіркелген).

(Теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теленемесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

Телеарна атауы «ASTANA TV» (кабельдік желі «DIGITAL TV, «OTAU TV» және сандық эфирлік теледидар.) Ақтау қаласы, эфирлік анықтама негізінде 10.07.2025 ж., №12/25. (Эфирлік анықтама 4 қосымшада тіркелген).

4) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қол жетімді орындарында, Маңғыстау облысы, Теңге ауылы, «Атамұра» мәдениет үйі мекенжайы бойынша 13 дана хабарландыру. (Фотоматериалдар 5 қосымшада тіркелген).

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

**«TENGE Oil & Gas» ЖШС-нің ЕҚ, ӨҚ және экология қызметінің басшысы Қойланов Абубакир Мурзагулович қоғамдық тыңдаудың хатшысына сайлау бірауыздан келісілді.**

**Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімдері, барлығы - 14 адам:**
**«қарсы емеспін» – 14 адам,**
**«қарсы» - 0 адам,**
**«қалыс қалғандар» - 0 адам.**

**Қоғамдық тыңдау регламенті:**

14:45-15:00 (15мин) - Қоғамдық тыңдауға қатысушылар тізімі;

15:00-15:05 (5 мин)- Қоғамдық тыңдаудың ашылуы;

15:05-15:10 (5 мин) - Қоғамдық тыңдаудың регламентін бекіту және хатшысын сайлау;

15:10-15:20 (10 мин) - ««TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу» (10 мин.);

15:20-15:25 (5 мин) - Сұрақ-жауап;

15:25-15:30 (5 мин) - Қоғамдық тыңдауды қортындылау/Қоғамдық тыңдауды жабу.

**Регламентті бекіту туралы қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімдері:**
**«қарсы емеспін» – 14 адам,**
**«қарсы» - 0 адам,**
**«қалыс қалғандар» - 0 адам.**
**(Қоғамдық тыңдаудың регламенті 6 қосымшада)**

13. Барлық тыңдалған баяндама туралы мәліметтер**:**

1) Баяндамашы «BIG PROJECT & CONSULTING» ЖШС-ның маманы Ералыұлы Нұрдәулет ««TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу»» бойынша мәліметтерді 9 беттен тұратын презентация түрінде таныстырды. (жоба бойынша мәліметтер 7-қосымшада ұсынылған)

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **««TENGE Oil & Gas» ЖШС үшін 2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу»» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілді деп саналсын. Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың қаралап отырған құжаттар мен тыңдалған баяндаманың толықтығы бойынша ұсыныстар мен ескертулер болған жоқ.**

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. **Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:**
Теңге ауыл әкімшілігі бас маманы
Бердібаева Нұрсұлу Ережепқызы

Қолы: ____________________
Уақыты: 15.08.2025 ж.

18. **Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:**
„Tenge Oil & Gas" ЖШС-нің ЕҚ, ӨҚ, экология және қызметінің бастығы.
Қойлсонов Әубакір Мұрзағұлович

Қолы: ____________________
Уақыты: 15.08.2025 ж.

## Қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ») |
|---|---|---|---|
| 1 | Тенге ауыл тұрғыны Сәтібаев С.М.: Шыққан қалдықтарды қайда жіберіп жатсыңдар? | «TENGE Oil & Gas» ЖШС-нің ЕҚ, ӨҚ және экология қызметінің басшысы<br>Қойланов Абубакир Мурзагулович «TENGE Oil & Gas» мекемесі арнайы келісім шартпен шыққан қалдықтарды арнайы лицензиясы бар мекемелер, тендер арқылы ойнатылып, тендерде жеңген мекемеге беріледі | Қабылданды |

TENGE OIL & GAS

«TENGE Oil & Gas»
Жауапкерлігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы, 130200, Маңғыстау облысы
Жаңаөзен қаласы, Өндірістік аймақ 5, құрылыс 10
телефон: 8/72934/92301, факс: 8/92302

Товарищество с ограниченной ответственностью
«TENGE Oil & Gas»
Республика Казахстан, 130200, Мангистауская область
город Жанаозен, Промышленная зона 5, строение 10
телефон: 8/72934/92301, факс: 8/72934/92302

№ 05/880
15 07 2025г

**Теңге ауылының әкімі**
**Ж Агисовке**

«TENGE Oil & Gas» ЖШС-і, Сізден ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Теңге ауылындағы «Атамұра» мәдениет үйі ғимаратында 2025 жылдың 15 тамызында, сағат 15:00-де «2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізуге Теңге әкімшілігінен жауапты өкіліңізді қатысуын сұрайды.

**Первый заместитель Генерального директора** **Тянь Кэцзянь**

Орынд: Танатарова А
Тел:8/72934/92301. Ішкі 117

TENGE OIL & GAS

«TENGE Oil & Gas»
Жауапкерлігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы, 130200, Маңғыстау облысы
Жаңаөзен қаласы, Өндірістік аймақ 5, құрылыс 10
телефон: 8/72934/92301, факс: 8/92302

Товарищество с ограниченной ответственностью
«TENGE Oil & Gas»
Республика Казахстан, 130200, Мангистауская область
город Жанаозен, Промышленная зона 5, строение 10
телефон: 8/72934/92301, факс: 8/72934/92302

№ 05/3389
15 07 2025г

**Атамұра МҚҚК**
**директоры Г.С.Жүгембаеваға**

«TENGE Oil & Gas» ЖШС-і, Сізден ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, Теңге ауылындағы «Атамұра» мәдениет үйі ғимаратында 2025 жылдың 15 тамызында, сағат 15:00-де «2025 жылға Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізуге рұқсат беруіңізді сұрайды.

**Первый заместитель Генерального директора** **Тянь Кэцзянь**

Қабылдандым Г.Р. Жүгембаева

Орынд: Танатарова А
Тел:8/72934/92301. Ішкі 117

1-қосымша

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25500847001, Дата: 08/07/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Мангистауская область, Жанаозен Г.А., Тенгеский с.о., с. Тенге

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: 1) Корректировка «Проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для ТОО «TENGE OIL & GAS» на 2025-2026 годы с получением разрешение на воздействие

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Жанаозен Г.А., Тенгеский с.о., с. Тенге, дом культуры Атамура 15.08.2025г. в 15.00, 15/08/2025 15:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Жаңа өзен газеті; телеканал «Астана TV»

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

с. Тенге дом культуры Атамура

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
""TENGE Oil & Gas"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 150940022022), +7(702)-286-77-82, tanatarova_82@mail.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25500847001, Дата: 09/07/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25500847001, от 08/07/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:
«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету 1) Корректировка «Проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для ТОО «TENGE OIL & GAS» на 2025-2026 годы с получением разрешение на воздействие, в предлагаемую Вами 15/08/2025 15:00, Мангистауская область, Жанаозен Г.А., Тенгеский с.о., с. Тенге, дом культуры Атамура 15.08.2025г. в 15.00(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».
«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»
""TENGE Oil & Gas"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 150940022022), +7(702)-286-77-82, tanatarova_82@mail.ru,

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

2-қосымша

15.08.2025ж. сағат 15.00
Теңге ауылы, «Атамұра» мәдениет үйі

**Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың тіркеу парағы**

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Есенов Н.Б. | „TengeOil Gas" ЖШС-ң өкілі | 87769945728 | жеке | |
| 2. | Сәтібаев С.М. | Теңге зират қорының директор | 87471723740 | жеке | |
| 3. | Тыукаев Н.К. | Теңге зират қорының директор көмекшісі | 8701 133 7064 | жеке | |
| 4 | Нурқалиева | Теңге тұрғыны | 87016846840 | жеке | |
| 5. | Карлыгова А. | теңге тұрғыны | 87028964677 | | |
| 6 | Бердибаева Н. | Теңге әкімшілігі | 87754611929 | | |
| 7. | Жабыкаева Жамиля | «Атамұра» мәдениет үйі | | | |
| 8. | Койланов А. | TENGE Oil & Gas өкілі | 87015307476 | | |
| 9. | Ералиұлы Н. | "BIG PROJECT CONSULTING" | 87029994293 | жеке | |
| 10 | Ералиұлы С. | BIG PROJECT Consulting | 87783625588 | жеке | |
| 11. | Ташатарлова А. | Эколог | 87022867782 | жеке | |
| 12 | Жайлыгарова Ф.А. | Департамент экологии | | онлайн | |
| 13 | Базарбай Сабина | УПРиП | 87781139897 | онлайн | |
| 14 | Исламкулова К. | Эколог | 87017633221 | онлайн | |

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

otpannews.kz

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№54 (10454) 15 ШІЛДЕ, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ — ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

• ҚЫСҚА-НҰСҚА

### ОБЛЫСҚА 250 МЕДИЦИНА МАМАНЫ ЖЕТІСПЕЙДІ

МО денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бекболат Ізбасаровтың айтуынша, аймақта шамамен 250 дәрігер жетіспейді. Ең көп қажет мамандар – терапевт, педиатр, хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог және гематолог.

### ЖҮЙКЕГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ЗАТТАРДЫ ЖАРНАМАЛАҒАН 5 АДАМ СОТТАЛДЫ

Ақтау қалалық сотының үкімімен бес адам, оның ішінде екі әйел, ҚР ҚК-нің 299-1-бабының 2-бөлігі бойынша психотроптық заттарды заңсыз жарнамалағаны үшін кінәлі деп танылды. Жеке тінту кезінде екі адамнан мефедрон психотроптық заты тәркіленді, олардың әрекеттері ҚР ҚК-нің 296-бабының 3-бөлігі бойынша қосымша сараланды. Бесеуі де әрқайсысы 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Үкім заңды күшіне енді.

### КЕНДІРЛІ ЗАУЫТЫНДА ТЕҢІЗ СУЫН ТҰШЫТУ БАСТАЛДЫ

Маңғыстау облысындағы жобалық қуаты тәулігіне 50 мың текше метр болатын «Кендірлі» зауытында теңіз суын тұшыту процесі басталды. Кәсіпорындағы құрылыс жұмыстары 30 мамыр күні аяқталған. Суды тұшыту, тұзсыздандыру және минералдандыру цехтары, сорғы стансасы, екі қосалқы станция, жөндеу-механикалық цех, гараж, қоймалар, зертхана, өрт сөндіру бекеті, қазандық орнатылды.




## ТУРИСТЕРДІ ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫН ЖЕТКІЛІКСІЗ

ТАЛАЙЛАРДЫҢ ТАҢДАЙЫН ҚАҚТЫРҒАН МАҢҒЫСТАУДЫҢ МАҢҒАЗ ДАЛАСЫНЫҢ КӨКТЕММЕН БІРГЕ КӨГЕРЕ НҰРЛАНҒАН ӘСЕМ ТАБИҒАТЫ БИЫЛ ЕРЕКШЕ КӨЗ ТАРТЫП, ДАЛАНЫҢ СҰЛУЛЫҒЫН АҢСАҒАНДАРДЫ ӨЗІНЕ ЕМІРЕНТПЕЙ ҚОЙМАДЫ. ТАЛҒАМНЫҢ ТАЛАСЫНА ТҮСПЕЙ-АҚ ЕЛІТІП ӘКЕТЕТІН ШӨЛ ДАЛАНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН КЕРЕМЕТТЕРІ ТУРИСТЕРДІҢ БАҒЫТЫН ӨЗІНЕ ҚАРАЙ ЕРІКСІЗ БҰРДЫ. КАСПИЙДІҢ ЖАҒАСЫНА ЖАЙҒАСҚАН АҚТАУ ҚАЛАСЫ ДА АЛЫС-ЖАҚЫННАН КЕЛГЕН ДЕМАЛУШЫЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ АЯЛДАР МЕКЕНІНЕ АЙНАЛҒАЛЫ ҚАШАН. ӨҢІРІМІЗ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОРЫНДАРҒА БАЙ, ТАБИҒАТЫ ӨЗГЕШЕ, ӨЗІНДІК ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ БАР ӨЛКЕ. БІРАҚ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ «ТУРИСТ ТАРТУ КЕРЕК» ДЕГЕН ЖАҚСЫ НИЕТ КӨП АЙТЫЛҒАНЫМЕН, ІС ЖҮЗІНДЕ КЕЛГЕН ҚОНАҚТЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫН ТАПШЫ ЕКЕНІ АЙҚЫН СЕЗІЛУДЕ.

Әсіресе жаз мезгілінде Форт-Шевченко, Кендірлі, Ақтау маңындағы демалыс аймақтарында орын табу қиынның қиыны. Халықаралық немесе республикалық турфирмалар да инфрақұрылымның әлсіздігіне байланысты Маңғыстау бағытына келуге асықпайды.

Жаз айларында толассыз ағылатындардың жатар орны мен демалатын жері жеткілікті, әрі бәсекелестікке сай болуы керек емес пе?! Бұл сыннан сүрінбей өту үшін жауаптылар туристердің тұрақтары мен оларға көрсетілер сапалы қызметтің санын ұлғайту үшін жеке кәсіпкерлермен тығыз жұмыс жасап жатқандарын айтады.

– Жазғы маусымда Ақтаудағы туристер саны айтарлықтай артады. Қаланың инфрақұрылымы мен қонақ үйлері жалпы қажеттілікті өтеуге қауқарлы, алайда сұраныстың шарықтау кезеңі – шілде мен тамыз айларында ертерек брондау қажеттілігі туындайды. Сондықтан орналастыру орындарын ұлғайту, сервисті арттыру бағытында жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар тығыз жұмыс атқаруда, – дейді қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрсейіт Айладыр.

» 3

• БҮГІНГІ САНДА

### КАСПИЙДЕ ЖАҢА АРАЛДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТТЫҢ БЕЛГІСІ МЕ?



**Табиғат зерттеушілері әлемдегі ең үлкен тұйық су қоймасынан жаңа арал көрінді деген жаңалықтың жақсы еместігін, бұл арал астында жоғалған судың, жойылған тіршіліктің, өзгерген климаттың белгісін білдіретінін айтып дабыл қақты.**

» 3

### АҚТАУДА АЙТЫС ӨТТІ ДҮБІРЛЕГЕН...




**Ақтаудың ажарын ашқан, рухты өнердің аламанына айналған айтыстың ақтық сайысы өз мәресіне жетті. 10 шілдеде өткен «Маңғыстау – түркі мәдениетінің төрі» атты республикалық командалық айтыс елдің түкпір-түкпірінен келген сөз сүлейлерінің басын қосты.**

» 8

## «АУЫЛ АМАНАТЫНЫҢ» АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

ОСЫДАН ЕКІ ЖЫЛ БҰРЫН БАСТАУ АЛҒАН «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛ-АХУАЛЫН АРТТЫРУ, ЖАДАУ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТУ, ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДАҒЫ ШАҒЫН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ШАШАУЫН ШЫҒАРМАЙ ҰСТАП, ҰТЫМДЫ ІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ҮШІН ҰТҚЫР ҰСЫНЫСТАРДЫ ДАЯРЛАУ, АГРАРЛЫҚ САЛАНЫ АЛҒА БАСТЫРУ АРҚЫЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН НЫҒАЙТУ СЫНДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУГЕ БАҒЫТТАЛДЫ.




» 5

## ҚАРСЫ ЖАРЫҚТАН ҚОРҒАЙТЫН ЭКРАН – ЖҮРГІЗУШІГЕ ҚОРҒАН

ЖЕТІБАЙ МЕН АҚТАУ АРАСЫНДАҒЫ ТАС ЖОЛДА ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ КӨЗІН ҚАРСЫ КӨЛІКТЕРДІҢ ЖАРЫҒЫНАН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ЭКРАНДАР ОРНАТЫЛЫП ЖАТЫР, «ҚАЗАВТОЖОЛ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, БҰЛ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ ТҮНГІ УАҚЫТТА КӨЛІК ЖҮРГІЗУДІ ҚАУІПСІЗ ӘРІ ЖАЙЛЫ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.



Қарсы бағыттағы көліктердің шамы жүргізушінің көру қабілетін уақытша шектеп, жол-көлік оқиғасына себеп болуы мүмкін. Орнатылып жатқан экрандар осы қатердің алдын алуға көмектеседі. Жалпы ұзындығы 11,7 шақырым болатын 21 500 қорғаныс экраны қойылады деп жоспарланған. Қазіргі уақытта шамамен 6 шақырымды қамтитын 11 000 экран орнатылған. Жұмыстарды 2025 жылдың шілде айының соңына дейін аяқтайды.

**Маңғыстау ақпарат.**

**ВАЛЮТА БАҒАМЫ**

| | |
|---|---|
| (USD) АҚШ доллары | 527.50 |
| (EUR) Еуро | 614.91 |
| (RUB) Ресей рублі | 6.97 |

**АУА РАЙЫ**

| | ТҮН | КҮН |
|---|---|---|
| Ақтау | +23 | +29 |
| Жаңаөзен | +24 | +37 |
| Форт-Шевченко | +28 | +32 |

mangystau.gazeti · Mangystau Gazeti · xat.mangystau@gmail.com

# Қаржылық есеп және оның қоғамға пайдасы

**Кез келген мемлекеттің қаржы жүйесінің табысты жұмыс істеуінің міндетті шарты, оны басқарудың негізгі функциясы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау болып табылады.**

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, қоғамдық өмірдің барлық салаларында жұмыс сапасын жақсарту оның ұйымдастырылуы мен көріну формаларына байланысты.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы №449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы бекітілген болатын.

Осы Тұжырымдамада мемлекеттік аудитті енгізудің және мемлекеттік қаржылық бақылауды дамытудың жалпы 3 тәсілдері қарастырылған, қаржылық есептілік аудиті, сәйкестік аудиті және тиімділік аудиті. Тұжырымдаманың басым бағыттарын іске асыру барысында «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылданды. Бұл ретте заң мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау ұғымдарын нақты ажыратады.

Аталған заң талабына сәйкес қаржылық есептілік аудитіне тоқталып өтсек.

Қаржылық есеп аудиті – бұл қаржылық есептіліктің анықтығы, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі негізінен бағалау болып табылады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы №5-НҚ нормативтік қаулысымен «Қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты» бекітіліп, онда сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүзеге асыратын шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілікке аудит жүргізуге қатысты қағидаттары мен тәсілдері айқындалған.

Осыған байланысты Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясымен жыл сайын бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жасақталуына мемлекеттік аудит жүргізуде. Соған қысқаша тоқталсам, өткен жылы Жаңаөзен қаласының жергілікті бюджетінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізіліп, нәтижесінде 13 862 522,3 мың теңгеге қаржылық есептіліктің бұрмалануы (оның ішінде өтеуге жататыны 4 237,0 мың теңге (аудит барысында – 4 237,0 мың теңге өтелді), қалпына келтіруге жататыны 13 858 285,3 мың теңге (аудит барысында – 3 404 941,7 мың теңге қалпына келтірілді)), 208 360,1 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар (оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 208 360,1 мың теңге), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 121 776,7 мың теңге, рәсімдік бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің бұрмалануы 4 731 474,5 мың теңге және 33 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Бұл бұзушылықтардың орын алу себептері – жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілікте негізгі құралдар сомасы артық көрсетілуінен, жарғылық капиталға ұлғайту үшін берілген мүліктер бухгалтерлік есепке алынбауынан, бухгалтерлік есептіліктен негізгі құралдар уақытылы шығысталмауынан және нақты жоқ негізгі құралдардың бухгалтерлік есептілікте негізсіз көрсетілуінен, орындалмаған жұмыстарға негізсіз төлем жүргізілуінен, мемлекеттік сатып алу бойынша өнім берушілерге қайтарылуға жататын конкурсттық және шарт бойынша қамтамасыз ету сомалары уақытылы қайтарылмауынан, жасақталған жобалау-сметалық құжаттамалар 5-10 жылдан асып іске асырылмауынан, бухгалтерлік есептілікті жүргізуде бұрмалаушылыққа жол берілуінен орын алған.

Жалпы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің дұрыс жүргізілмеуі, Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 238-бабымен әкімшілік құқық бұзушылық жауапкершілігі қарастырылған.

Тексеру комиссиясымен 2024 жылы барлығы 20 мемлекеттік аудит объектісінде 31 лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық фактілері анықталып, құжаттар уәкілетті органдарға жолданып, тиісті айыппұлдар салынған болатын.

Сондықтан жауапты тұлғаларды қаржылық есептіліктің анықтық жүргізілуіне, бухгалтерлік есеппен, қаржылық есептілікті заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес жасауға шақырамыз.

**Б.КОРБАКОВ,**
тексеру комиссиясының мүшесі.

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды

| | |
|---|---|
| **Жобаның атауы** | «Жетібай кен орнының игеру жобасы» және оған ықтимал әсерлер туралы есеп. |
| **Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны** | 2025 жылғы 21 тамызда сағат 15:00-да Жетібай кентіндегі «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратының мәжіліс залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы (Microsoft Teams онлайн платформасында) өтеді. Конференция идентификаторы: https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_NWVhNGEyNDUtNThhOS00N2YzLTk3ZmUtY2RhYzI3MmY1NGI5%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22e4778351-b6a4-4b2f-96ed-267c152630db%22%2c%22Oid%22%3a%225c68ce17-aa16-4141-b754-c72c3e2e2787%22%7d Жиналыс идентификаторы: 478 386 619 367 0 Құпия код: 6py3kW65 |
| **Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен контактілері** | **Тұтынушы:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ. ӨГжКОИД игеру бөлімнің жетекші инженері Онгарбаев А., тел.211367, e-mail: a.ongarbaev@mmg.kz **Мердігер:** «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазҒЗЖИмұнайгаз». Экология басқарма басшысы Элеанора Хаманова, тел.470244, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz |
| **Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы** | https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru |
| **Тұтынушының интернет-ресурсы** | https://www.mmg.kz |
| **Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері** | Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай, тел. 46-21-31 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz |
| **Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы** | mangystautabigat@gmail.com |

№346

# Үй жануарлары

**Балабақшамыздың кіші тобында «Үй жануарлары» тақырыбында ұйымдастырылған оқу іс-шарасы өтті.**

Іс-шараның мақсаты – балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ-жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-шарамыздың барысында балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетіп, әр түрлі үй жануарларының атауларымен таныстырдым. (түйе, қой, сиыр, ит, мысық т.б.). Балалар үй жануарларының қалай дыбыстайтынын естіді, олардың берер пайдасын, олардан сүт, құрт, ірімшік, айран секілді табиғи өнімдерді алатынымызды, сондай-ақ терілерін киім өндіруде де қолданатынымызды білді. Балаларға сұрақ-жауап қою арқылы сөздік қорын байыту жұмысы жүргізілді. Түйе, сиыр, қой секілді үй жануарларының шөп, арпамен қоректеніп, су ішетіні туралы мағұлмат бердім. Үй жануарларының табиғатқа қандай көркем сұлулық беретінін, адамдарға ішіп-жесе тағам, мінсе көлік, кисе киім екенін, олардың бізге тигізер пайдасын түсіндірдім. Тәрбиеленушілеріммен бірге «Төлін тап» атты дидактикалық




ойын ойнап, сергіту сәтін жасап, балардың ойлау қабілетімен қоса, дене қимыл-қозғалысын арттырдық. Іс-шара соңында балалар үй жануарларының суретін бояп, шығармашылық қабілеттерін де арттырды.

Қорытындылай келе балалар үй жануарларын біліп танып, олардың қандай дауыс шығаратынын, немен қоректенетінін, олардың адамдарға тигізер пайдасы туралы білді. Балалар ұйымдастырылған іс-шараға белсене қатысып, қызығушылықтарын арттырды.

**Д.АМАНЧАЕВА,**
№2 санаторлық бөбекжайының тәрбиешісі.


## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«TENGE Oil & Gas» ЖШС** үшін 2025 жылға атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету және ықпал ету рұқсатын алу» бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды.

**Қоғамдық тыңдау:** Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Теңге ауылындағы Атамұра мәдениет үйінде 15.08.2025 ж. сағат 15.00-де өтеді.

Төтенше жағдайлар немесе шектеу шаралары енгізілсе, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде ZOOM бейнеконференциясы арқылы өтеді, қосылу үшін сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/4039906152?pwd=ucu9BJGig7nnDGdwg1rS2uEjSqbuhi.1.

**Конференция идентификаторы:** 403 990 6152, **Кіру коды:** 0YTXJ6.

**Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы:** Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында https://hearings.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ орналастырылды, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz арқылы танысуға болады.

**Бастамашының мәліметі:** «TENGE Oil & Gas» ЖШС, тел. +7 701-530-24-76, 8/72934/92301 (117), e-mail: abubakir_1973@mail.ru, БСН 150940022022.

**Жобаны жасақтаушы** «BIG PROJECT & CONSULTING» ЖШС, e-mail. Big_Project_kz@mail.ru тел. +7 701-763-32-21, БСН 201140031245.

**Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады: Big_Project_kz@mail.ru, тел. +7 701-763-32-21.**

№344

**АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ** экономика факультеті В044 «Менеджмент» мамандықтар тобына енетін 6В04102 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына **БІЛІМ ГРАНТЫНА ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ.**

Аталған білім гранттары Маңғыстау облысының мектеп бітіруші түлектеріне, ҚР Үкіметі қосымша белгілеген квота шеңберіндегі 2000 білім гранттары есебінен жүргізіледі. Білім грантына оқуға түсу үшін таңдаған **В044 «Менеджмент»** мамандығының және **031 – «BUKETOV UNIVERSITY»** кодын белгілесе болады. Шекті бал– 65. Университет коды – 031.

**Толығырақ: buketov.edu.kz.**

**Тел. 8-701-438-10-23, 8776-753-68-00.**

(мемлекеттік лицензия: №KZ 83LAA00018495 ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен 28.07.2020ж. берілген)

№342


## Ақтау қаласы мен іргелес елді мекендер тұрғындарының НАЗАРЫНА!

**Қадірлі тұтынушы!**

«МАЭК» ЖШС кәсіпорнында өндірілетін ауыз су үшін тағам өнімдері қауіпсіздігінің менеджменті жүйесі енгізілгендігін қаперлеріңізге береміз.

«Тамақ өнімдерінің қауіпсіздік менеджменті жүйесі, тамақ өнімдерін құру тізбегіне қатысатын ұйымдарға қойылатын талаптар» ҚР СТ ISO-22000-2019 талаптарын сақтау мақсатында 7.4.2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес сыртқы жеткізушілер мен мердігерлерді өнім, оны пайдалану мүмкіндігі, бөлу, дайындау, сақтауға қойылатын талаптар және жарамдылық мерзімі туралы хабардар ету қажеттілігі ұйғарылады.

**«МАЭК» ЖШС өндірген ауыз су:**

- тұрғындарға ауыз су мақсатына пайдалануға;
- тағамдар мен сусындар дайындауға;
- көкөністер мен жемістерді консервілеуге;
- концентратталған өнімдерді қалпына келтіруге;
- ішілетін дәрілік препараттарды қалпына келтіруге;
- тұрмыстық мақсаттарға пайдалануға;
- гигиеналық және косметикалық мақсаттарға пайдалануға;
- жануарлар мен құстарға қолдануға;
- бөлме өсімдіктерін суаруға;
- аквариумдарды толтыру үшін пайдаланылады.

Суды қосымша өңдеусіз ішуге пайдаланғанда су құрамындағы микробиологиялық ластануды болдырмас үшін пайдаланылатын хлорды жою мақсатында суды 6÷24 сағаттай тұндырып қою керек.

Ауыз суды ысытылған күйде қолданғанда термиялық күюді болдырмас үшін қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

Тыныс алу жолдары ауруларын (ОРЗ, ангина т.б.) болдырмас үшін ауыз суды салқындатылған немесе тоңазытылған күйде аса көп қолданбаған дұрыс.

Ауыз суды пайдаланғанда немесе/және сақтағанда тағам өнімдеріне арналған таза ыдысты қолдану қажет.

Сақталу мерзімі – анықталмаған.

Ауыз суды бөлу тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

**P. S.** Сондай-ақ тарату желісіне берілетін ауыз судың сапасы туралы ақпарат «МАЭК» ЖШС ресми сайтында орналастырылғанын еске саламыз. Бұл ақпарат ай сайын жаңартылып отырады.

**«МАЭК» ЖШС.**

№341


"МАҢҒЫСТАУ" газетіне II жартыжылдыққа жазылу басталды!

KAZPOST




ҚҰРМЕТТІ МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР!

Өлкенің бас басылымы облыстық «Маңғыстау» қоғамдық-саяси газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу басталды. Газетке «Қазпошта» бөлімшесі арқылы және «Kaspi», «Halyk» банк қосымшалары арқылы онлайн жазылуға болады.

Halyk Bank Kaspi.kz

Толық ақпарат – 8 778 145 90 93

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА арналған ТЕЛЕФОН: 20-48-42


**«Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі «Маңғыстау»** корпоративтік қорының жарғысы табылуына байланысты **ЖАРАМДЫ ДЕП САНАЛСЫН.**
(Жарғының жоғалғаны туралы «Маңғыстау» газетінің №51 санында жарияланған)

№343

подписка через Halyk Bank

подписка через Kaspi Bank

ПОГОДА СЕГОДНЯ:
ДЕНЬ +32 +40
НОЧЬ +23 +24

# ОГНИ Мангистау

Газета выходит во вторник и четверг

Издается с июля 1967 года

ВТОРНИК | 15 июля 2025 года | № 55 (13205)

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ

# ЖИВИТЕЛЬНАЯ ВЛАГА ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ



**На заводе «Кендирли» в Жанаозене начали долгожданный процесс опреснения морской воды, сообщает пресс-служба национальной компании «КазМунайГаз».**

Олег БОРТНИК

Во время рабочей поездки в Мангистаускую область председатель правления АО «НК «КазМунайГаз» (КМГ) Асхат Хасенов посетил опреснительный завод «Кендирли» проектной мощностью 50 тысяч кубометров воды в сутки. На предприятии используются новейшие разработки ведущих мировых производителей.

Строительные работы завершили 30 мая. Построены цеха по опреснению, обессоливанию и минерализации воды, насосная станция, две подстанции, ремонтно-механический цех, гараж, склады, лаборатория, пожарный пост, котельная, а также инженерно-коммуникационная инфраструктура: линия электропередачи (80,1 км), магистральный водовод (две нитки общей протяженностью 201,4 км), газопровод (48,1 км), автодорога (40,1 км). Морская часть проекта предусматривала укладку полиэтиленовых труб в траншею на дне моря, что и было сделано.

Весь цикл технологического оборудования запущен 9 июля, в ходе которого произведена проверка и промывка производственной линии по опреснению морской воды. Данный процесс занимает 72 часа.

При успешном прохождении испытаний завод переходит в рабочий режим.

Необходимо отметить, что очистка и опреснение морской воды проходит сложный процесс. Сначала «живительная влага» через водозабор, расположенный в море на расстоянии 730 метров от завода, поступает в колодец глубиной 12 метров. С помощью насосов морская вода подается по трубопроводу на предприятие.

В цехе опреснения проводится ряд процедур для снижения мутности и удаления различных частиц. Затем она подается на автоматические самоочищающиеся фильтры. После этого вода проходит процесс ультрафильтрации, который позволяет гарантированно снизить содержание органических веществ до 70–75% и полностью удалить из воды все примеси, включая бактерии, одноклеточные водоросли и др.

